

КЕҢЕСКЕ ДАЙЫНДЫҚ

Кәрім Мәсімов Сочиде өтетін ЕАЭО елдері үкімет басшыларының отырысына дайындық бойынша кеңес өткізді.

Кеңейтілген құрамда өткен мамырдағы кеңесте сөйлеген сөзінде Үкіметаралық кеңес төрағасы – Қазақстан Республикасының Премьер-министрі К. Мәсімов төрағалықтың басымдықтары ретінде Қазақстан 2016 жылдың ЕАЭО-ның үшінші елдермен және басты интеграциялық бірлестіктермен экономикалық қарым-қатынастарын тереңдету жылы етіп жариялауды ұсынғанын еске салды. Осыған байланысты тараптар Үндістан, Израиль, Мысыр, Иран және басқа да елдермен еркін сауда аймағын құрудың мақсаттылығын зерттеуде.

«ЕАЭО КҚ, сондай-ақ одақтың одан әрі дамуында маңызды мәнге ие басқа да бірқатар құжаттарды келісу Сочиде 12 тамызда және Минскте 28 қазанда өтетін Үкіметаралық кеңес отырыстарында аяқталады», – деп көрсетілген ЕЭК қорытындысында.

КҮРІШ ЭКСПОРТЫНАН КӨШБАСШЫ ЕЛ ТӘЖІРИБЕСІМЕН БӨЛІСПЕК

Кеше облыс әкімі Қырымбек Көшербаев Вьетнам Социалистік Республикасының Қазақстандағы төтенше және өкілетті елшісі Доан Тхи Суан Хйен ханымды қабылдады. Кездесуден кейін елші журналистерге сұхбат берді.

Мәртебелі мейман журналистерге берген сұхбатында Сыр өңірі жақсы әсер қалдырғанын айтып берді. Бұл мекенге Жаратушы Иеміздің айрықша ықыласы аяған деп айтуға болады деген пікірін білдірді.

Елші ханым облыс басшысымен кездесу барысында аймақта атқарылып жатқан жұмыстар жөнінде хабарлар болып, 2025 жылға дейін жүзеге асырылуы тиіс басты жобалар туралы ақпарат алғанын жеткізді. Ол облыс экономикасы мен қоғамдық өмірі белсенді дамып келе жатқаны айқын көрінетін тұр деп.

Вьетнамдық қонақ әкіммен кездесуде барлық салаға қатысты әңгіме болғанын жеткізді. Оның ішінде мұнай өндіру және мұнай кеніштерін барлау жайы да сөз болған. Вьетнам Республикасының көпшілік қолданылатын тұтыну тауарлар өндірісімен аты шыққаны белгілі. Сондықтан,

на жоғары баға берді. Алдағы уақытта екі ел шаруаларының тәжірибе алмасып, іскерлік қарым-қатынастың дамуына екі жақ та мүдделі екендігін жеткізді.

Мұнан кейін Доан Тхи Суан Хйен облыстағы кәсіпкерлік палатасында болып, бизнес қауымдастық өкілдерімен жүздесті.

Кездесуде палата директоры Ғалымбек Жақсылыков өңірдегі кәсіпкерлердің құқығын қорғау, әкімшілік кедергілерді төмендету, бизнес кеңес беру бағытында атқарылып жатқан шараларды сөз етті. Сондай-ақ, «Атамекен» ҰҚП әзірлеген Кәсіпкерлікті дамытудың өңірлік картасын таныстырды. Карта – өзіне бір сайт іспеттес. Оған кез келген кәсіпкер кіріп, көкейінде жүрген барлық сауалдарға жауап ала алады. Яғни, бұл еліміздің кез келген аймағындағы кәсіпкерліктің даму деңгейін бақылап отырумен қатар, инвестицияға мұқтаж саланы да анықтауға мүмкіндік береді. Еліміздің 14 облысы мен республикалық маңыздағы 2 қаланы қамтитын Қазақстанның бизнес-картасынан бір өңірді таңдап, оның табиғи ресурстарымен, пайдалы қазбаларымен, өндіріс ошақтарымен, ауыл шаруашылығы кәсіпорындарымен танысуға болады. Карта Сыр өңірінің мүмкіндіктерін саралап жатқан вьетнамдық әріптестер үшін де жол



оның көптеген түрлерін жеткізу мүмкін екендігі айтылды. Сондай-ақ, Қазақстан тауарларын экспорттау, оның ішінде ет және ет өнімдерін шығару жайы да айтылған.

– Жалпы елшілердің дипломатикалық қызметіндегі басты міндеттерінің бірі екі ел арасындағы тиімді экономикалық ынтымақтастыққа жол ашу болып табылады. Ол үшін бизнесмендердің байланысын орнату қажет. Сондықтан да алдағы уақытта Вьетнам және Қазақстан кәсіпкерлерінің басын қосу мақсатында Астанада бизнес-форум ұйымдастыру жоспарланып отыр. Бұл форумға Қызылорда облысының кәсіпкерлері де көптеп қатысады деген сенімдеміз, – деді елші сөзінің соңында.

Вьетнам Социалистік Республикасының Қазақстандағы Төтенше және Өкілетті елшісі Доан Тхи Суан Хйен Сыр еліне сапары аясында «Жан Арай Жем» серіктестігінің жұмысымен танысты.

Сырдағы серпінді жобалар қатарындағы кәсіпорынның бүгінде жұмысы қызу. Тәулігіне 80 тонна құрама жем өндіреді және күріш ақтау зауыты 150 тонна күріш салысын өңдейді. 250-ге жуық адамды жұмыспен қамтып отырған кәсіпорында шикізат және дайын өнімдер сақтайтын қоймалар, автотаразы мен зертхана, қалталау цехы, ұн тарту диірмені мен макарон шығару өндірістері бар. Аталған өндірістерден шығатын дәмді дақыл қалдықтарын құрама жем шығаруға пайдаланады. Сондай-ақ, аталған ұжым үйрек-қаз өсіруді қолға алған. Жуырда қанаттылардың 10 мың басы көлге жіберілді. 10 гектар аумаққа орналасқан агроқешен әзірге 6 гектарын толық игерген, алдағы уақытта басқа да тың жобаларды жүзеге асыру жоспарда бар.

Вьетнамдық елші агроқешеннің жұмысымен танысу барысында облыстың ауыл шаруашылығы саласының дамуы-

нұсқаушы болмақ.

Ал Вьетнам елшісі Доан Тхи Суан Хйен Қазақстанмен, соның ішінде Қызылорда облысымен ынтымақтастық қарым-қатынасты арттыруға және сауда-экономикалық байланысты нығайтуға ниетті екенін жеткізді. Оның айтуынша, өңірімізде инвестиция үшін қолайлы жағдай қалыпташқан. Әсіресе, ауыл шаруашылығындағы жетістіктерді оң бағалады. Күріш өнімін экспорттаудан әлем бойынша көш бастайтын мемлекет өкілдері Сыр маржанын сыртқы нарыққа шығарып қана қоймай, вьетнамдық күріш өсірудің тың тәсілдері бойынша тәжірибе алмасқысы келеді.

Бұған дейін Оңтүстік Қазақстан және Жамбыл облыстарында жұмыс сапарымен болған елші жоспарлаған жобаларының басым бөлігін біздің облыста жүзеге асырғысы келетінін жасырмады. Атап айтсақ, Вьетнам тарапы мұнай-газ саласына инвестиция салуға мүдделілікті танытып отыр. Аяқ киім шығаратын фабриканы іске қосуды жоспарлауда. Сондай-ақ, Қызылорда қаласында сауда үйін ашпақ.

15 жылдан астам уақыт бойы Вьетнам елімен әріптестік орнатып келе жатқан «Source Invest Company» серіктестігінің құрылтайшысы Оралбек Қожамжарұлы: «Қыруйек айында Астанада Вьетнамның ірі компаниялары өкілдерінің қатысуымен бизнес-форум өткізіледі. Сонда қызылордалық кәсіпкерлер өз өнімдері мен мүмкіндіктерін көрсетіп, нақты келісімге келе алады. Ал бұл кездесулер мен келіссөздер соған алтын көпір болмақ», – деді.

Өз елінің ауа райы Сыр өңірімен ұқсас келетінін айтқан елші Доан Тхи Суан Хйен алдағы уақытта Вьетнамға біздің кәсіпкерлерді шақырды.

Ы.ТӘЖІҰЛЫ,
Н.САҚТАПБЕРГЕН,
ДОМАРОВ.

Сыр бойы



1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

2

ТАМЫЗ
СЕЙСЕНБІ

2016 ЖЫЛ
№115 (19201)

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

www.syrboyi.kz



КӘСІП АШҚАНҒА ҚОЛДАУ БАР

Мемлекеттік қолдау жана кәсіпорындар жұмысын жандандыруда. Соның бірі – бизнесті қолдау мен дамытудың «Бизнестің жол картасы – 2020» біртұтас бағдарламасы аясында Қызылорда қаласында ашылған нан-тоқаш және кондитерлік өнімдер шығаратын цехы. Құны 34,5 млн теңгені құрайтын жоба биыл наурыз айында іске қосылған. Бастаманы жүзеге асырған – «Аль-Асад» сауда белгісін ұсынатын «Retail A-A» серіктестігі.



Кәсіпорын директоры Бейбіткүл Баймаханованың айтуынша, цехта Чехия мемлекетінен алынған қондырғы орнатылған. Заманауи технологияға негізделген бұл қондырғы айына 75 тонна, жылына 564 тоннаға дейін нан өнімдерін шығарады. Арнайы алдырылған технологияның тиімділігі сол, артық адам күшін қажет етпейді. Иленген қамырды қалыптауға салып, қосалқы қондырғыға қойсаң, аз уақытта ашытып береді. Бұдан соң бұрынғыдай әр қалыпты пешке қолмен салып отырмайды, технологиямен бірден пешке қояды. Бір салғанда 120 бөлке нан

пісіп шығады. Бұл құрылғыға серіктестік «Даму» қоры арқылы алған несиенен қол жеткізген. Яғни, «Бизнестің жол картасы-2020» бағдарламасы аясында серіктестік «Сбербанк России» АҚ еншілес банкіне 22,5 млн теңге көлемінде несие рәсімдеген. Бүгінде несие үстемесінің 7 пайызын мемлекет қамтамасыз етсе, 7 пайызын кәсіпкер өз өнімдері арқылы өтеп отыр. Бұдан бөлек, кәсіпорын субсидиялық қолдауға да ие болды.

Цехта нан-тоқаш және кондитерлік өнімдерінің қырықтан астам түрі пісіріледі. Оларға сұраныс жоғары. Бүгінгі күні өндіріс орнынан шыққан өнімдер мекемеге қарасты 9 дүкенге жеткізіледі. Оның ішінде біреуі Жалағаш ауданында

орналасқан. Жалпы алғанда, қала бойынша 35 дүкенге тәулігіне екі мезгіл сапалы әрі дәмді нан, тоқаш және кондитерлік тағамдар өткізілуде. Цех өнімдері дүкендерге мекеменің өз автокөліктерімен жеткізіледі.

Кәсіпкер Б.Баймаханова алдағы уақытта тұрақты тұтынушылар санын көбейтуді және нан өнімдерін аймақ аумағына жеткізуді жоспарлап отыр. Жақында Төретам кентіне алғашқы тапсырыстарын жөнелткен. Сұраныс осылай арта берсе, келешекте цехқа бір пеш аздық етуі мүмкін.

Сондықтан екінші пешті іске қосып, жұмысшылар санын көбейту көзделуде. Қазірдің өзінде «Retail A-A» ЖШС жаңадан 35 жұмыс орнын ашып отырғанын айта кету керек.

– Мұнда аға наубайшымын. Жұмысым көңілімнен шығады. Ай сайын 50-60 мың теңге шамасында жалақы аламын. Зейнетақы қорына да қаржы мерзімімен түсіп тұрады, – дейді Айгүл Тұңғышбаева.

Кәсіпорын осы жетістігімен тоқтап қалмайды. Серіктестік Өңірлік кәсіпкерлікті қолдау картасына енгізілген өндірістің қуатын арттыруды мақсат етіп отыр. Ол үшін мемлекеттік қолдау аясында қосымша несие қаражатын тартуды жоспарлауда.

Дәурен ОМАРОВ.
Суретті түсірген
Нұрболат НҮРЖАУБАЙ.

ЕҢБЕК АДАМЫНЫҢ ЕҢСЕСІ БИІК

Оразәлі Қаршығаев – күрішші. Әкеден қалған мамандықтың соңына түскен ол бұл күнде бар уақытын егіс алқабында өткізеді. Шағын ғана отбасының тізгінін ұстаған отағасы бала-шағаның несібесін Жер-Анадан алып отыр. Өзі жұмыс істейтін Қоғалық ауылындағы «Жаппас» шаруа қожалығы 165 гектар күріш ексе, оның 35 гектары Оразәлінің еншісінде.

– Таңертең келіп, егістікті аралап, күріш алқабында жүру – менің сүйікті ісім. Жиырма жылдан бері осы салада тер төгіп келемін. Әкем күрішші болған. Оның үстіне, ауылдық жерде егін егуден асқан жұмыс жоқ. Түсіне білген жанға мұның өзінің рахаты бар, – дейді еңбеккер.

Ақ күріш жайқалған абат мекен Ақмешіттің агроаймақ атануының да өзіндік себебі бар. Сыр салысы алқабында мемнұдалап тұрған өңір атақты күрішші Ыбырай Жақаев туған өлке. Иығына кетпеліні іліп, ең даланы аралап, өз бақытын еңбектен тапқан жанның үлгі алар Оразәлідей азаматтар жетерлік. Олар еңбектің тәтті нанының қадірін біледі.

– Бір кездері әкеміздің жолымен еңбекпен өсек, бұл күнде өз балаларымыз да солай тәрбиеленуде. Ауырдың үстімен, жеңілдің астымен жүретіндер бұл дәстүрті сезіне алмайтыны анық, – дейді Оразәлі.

“Бақыт – өмірден өз жолыңды тапқаның” дейді қазақ. Ал Оразәлі аға жолын жалғап, атақесіпті өркендетіп жүрген жандардың бірі. “Атадан ұл туса игі, ата жолын қуса игі” деген қажекемің қарапайым ұлы еңбек жолында екенін бізге осылай ұғындырды.

Дәулет ҚЫРДАН.
Сырдария ауданы.



АУЫЛДАҒЫ “ТӘУЕЛСІЗДІК АЛЛЕЯСЫ”

Жанакорған ауданына қарасты Қожакеңт елді мекенінде “Астана-Бәйтерек” монументінің шағын көшірмесі салынды. Бүгінде шалғайдағы шағын ауылдың өз “Бәйтерегі” бар.

Елорданың айшықты нышаны іспетті нысанның мұндағы биіктігі – 13,5 метр. Ел Тәуелсіздігінің 25 жылдығына орай бой көтерген Бәйтерек бүгінде ауданның мақтанышына айналып отыр. Ширек ғасырлық мерейтойға арналған “Тәуелсіздік аллеясы” ашылып, орталық көшелер абаттандырылды. Сонымен қатар “Жұмыспен қамтудың жол картасы – 2020” бағдарламасы аясында №168 И.Әбдікәрімов атындағы орта мектеп пен мәдениет үйіне күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілуде.

– Тәуелсіздігіміздің 25 жылдығына орай үлкен нысандар ашылып жатыр. Біз мұндай игі істердің атқарылуына қуаныштымыз. Орталықта тұрған көшмізге, “Тәуелсіздік аллеясына”, “Бәйтерекке” ауыл тұрғындары кеш-



ке жақын демалып, тыныстап қайтады. Еліміз жасыл желекке бөленуде, – дейді ауыл тұрғыны Мұхтар Бұрханов.

Қожакеңт ауылдық округі әкімдігінің бас маманы Ермек Икрамовтың айтуынша, өңірде әлі де қарқынды жұмыстарды жүзеге асыру көзделуде. Осы жылдың соңына дейін балалар ойын алаңын салу

Кенжетай БАЛҒАБАЙҰЛЫ.

● Ы.ЖАҚАЕВ – 125 ЖЫЛ

АЛТЫН ЖҮЛДЫЗДЫ АНА

І Шырынкүл газеттен өзін Ленин орденімен наградтау туралы жарлықты оқығанда өз көзіне өзі сенбеді.

– Маған ба, не үшін?

Шырынкүл тосын, қуанышты хабарға танданып, партком хатшысына қарады. – Колхоздағы қыздар арасынан шыққан ең тұңғыш тракторист, Ұлы Отан соғысы кезіндегі қажырлы еңбеккер, мол өнімді күрішші, Ленин идеясын насихаттаушы бола білгеніңіз үшін, – деді партком хатшысы.

– Бір кезде тракторист болғаным рас. Бірақ, ол баяғыда еді, ол күндер ұмытылды ғой енді. Жалғыз мен бе, қаншама әйелдер тракторист мамандығын менгерді. Ал күрішші болу – бұл қазір жаңалық емес, әр колхозшының міндеті. Бұл саладан келгенде менен 2-3 есе асып түсетін ауыл адамдары бар емес пе?

Шырынкүлдің ойына өткен күндер елестеді.

...Бүгін егіс басына ерте келді. Қазіргі міндеті – күрішті арампшоптен арылту. Ең бір жауапты кезең. Күн ысымай, салқында істесең, өндіріп тастайсың. Сондықтан да ерте келген жаксы. Ауыл жақтан бір аттылы көрінді. Жүрісі өте суыт. Өндіріс бригадирі Нысанбек Сауранбаев екен.

– Шайтан қуып келе ме, түрің үрейлі ғой, – деді Шырынкүл оған.

– Жау шапты, Шырынкүл соғыс бас-талды!

– Біздің ауылға келді ме? – деді Шырынкүл бұл сөздің мәнісіне түсінбей.

– Біздің ауылға келген жоқ, біздің елімізге тиісті, – деді бригадир. Бұл 1941 жыл еді.

Ер азаматтардың бәрі майданға аттанды. Егін басында қаңқиял трактор қалды, ұста дүкені жұмыс істеуін тоқтатты, көшеде түн ортасына дейін әңдетіп, ду-

мандатып жүретін бозбалалар дауысы сиреді. Шырынкүлдің елдегі ерлігі осы күннен басталды.

Ол колхоз председателіне келіп:

– МТС-тың жанынан трактористер даярлайтын курс ашылыпты, менің соған барғым келеді, қалай көресіз? – деді.

Председатель Әлкебай Нұрманов шын таңқалды. Нәзік жанды қараңғы түнде есік алдындағы құдықтан су әкелуге сескенетін әйел баласы бүгінгі күні трактор айдаймын деп отыр. Ғажап қой мынау!

– Сенің ерлігің бүкіл еркектерді де, әйелдерді де өзіне табындыратын болады. Келістім, жолың болсын! Қазір МТС директорына қатынас жазайын, – деді председателі.

Шырынкүл Қазанбаева трактористер даярлайтын курсқа келді. Расында да, бұл ұлкен бастама еді. Арада аз күн өтпей-ақ мына жаңалық аудан көлеміне тарайды. Өзге ауыл, колхоздардан қыз-келіншектер де табылды. Сөйтіп, бір маусым ішінде 25 қыз-келіншек тракторист болып шықты.

Мұның алғашқы ұйытқысы, бастаушысы, тыңнан жол салушысы осы Шырынкүл Қазанбаева еді.

II

...Шырынкүлдің жұбайы Жұмалділа қатты ауырып, төсек тартып жатып қалды. “Коммунизм” колхозындағы ең атақты күрішші, гектарына 90 центнерден өнім алып жүрген майталман Жұмалділа Өлімбетовтың қиын кезеңде жұмыстан қол үзуі бригада ұжымының көңілін алаңдатып. Мұндай тәжірибелі күрішшінің сырқаттануы колхоз председателін де қатты ойға түсірді. Әр гектардан 90 центнерден өнімді енді кім береді? Оның орнын толтыратын тәжірибесі бай маман қайда? Бұл жағдайды Шырынкүл де жақсы түсінетін еді. Ол тағы да колхоз басқармасына келіп:



Жақаев пен Еңбек Ері күрішші Шырынкүл Қазанбаева жақаевшылар ортасында. 1970 жылдар.

– Мен күрішші боламын. Өзіммен-өзім өлден кенесіп, осы қорытындыға келдім, – деді.

Шырынкүл күйеуінің орнына күрішші болды. Бірақ, бұрынғы үйреніп қалған трактор жүргізуден гөрі бұл жұмыс қиынырақ тиді. Нәзік дақылдың тұқымы, суы, тыңайтқышы бәрі-бәрі өлшеулі. Жатқан бір есеп. Суы сал асып кетсе де, жетпей қалса да, еңбегің еш болады. Ақыры ол бәрине көнді, үйренді. Сөйтіп, ауылдағы әйелдер арасынан шыққан тұңғыш күріш звеносының жетекшісі атанды. Бұл кешегі дәуірдің 60-шы жылдары болатын.

III

Екі бірдей бастаманың үдесінен шығудың жауапкершілігі оны ойлантпай қойған жоқ. Күйеуімен ақылдасып көріп

келіп, иіліп сәлем берді. Ыбекең: – Бакытты бол, көп жаса балам, – деді де жанындағы кемпіріне:

– Бұл бала кім? – деді жай ғана.

– Өзінен сұрасаңшы. Мен қайдан білейін. Көзі құрғыр да перделеніп анық айыра алмай тұрмын ғой кім екенін, – деген.

Шырынкүл бір адым ілгеріледі де өзін таныстырған:

– Мен баяғы Қарғалыда өзіңіз іргесін қаласқан “Еңбекші” колхозындағы Жұмалділа атты ініңіздің үйіндегі келініз боламын. Атым – Шырынкүл. Өкеміңіз аты – Қазанбай.

– Иә, әлгі Өлімбеттің келіні екенсің ғой. Арғын Қазанбайды білемін ғой, білем, – деді де дикан келген жұмысын сұрады.

– Ыбеке, күрішші болып Сіздің жолыңызды қусам деп едім. Батанызды алуға келдім, – деді Шырынкүл.

– Дұрыс-ақ. Батаменен ер көгерер, жауынмен жер көгерер деген. Тірішілік атаулыға жан бітіп, табиғат жеңіл тыныс ала бастаған көктемнің шуақты күнгі тілегіңді Алла қабыл етсін. Ленин орденін алды деп естіп едім, енді Алтын жұлдызды келін атан! – деді де Аллаһу ақбар деп бетін сипады.

– Қосқа кірейік, кемпір, келін шәй ішісін.

Шошала ішіндегі жайылған көрпешеге қайнағасы мен енесі жайғанасқан сәтте сырттағы жерошақтағы қайнаған құманды алып Шырынкүл ішке кіріп шәй құюға кіріскен. Дикан алғашқы кесені алып сораптан ішті де бір-екі жұтты дастарқанға қойды. Алып денесін қомдап алды да: «Баяғы Бөгембай батырдың немересі Сакқұлақ би: «Адамның басшысы – ақыл, жетекшісі – талап, шолушысы – ой, жолдасы – кәсіп, қорғаны – сабыр, қорғаушысы – мінез, сынаушысы – халық болсын» де-

ген екен.

Талабына Алланың нұры жаусын. Күріш дақылы жас бала тәрізді тазалықты, таза суды сүйеді. Балаға ананың мейірімі қалай қажет болса, бұл сұлу дақылға да диканның ыстық ықыласы, ақ пейілі мен мейірі-шапағаты аса қажет. Екі құлаққа бір тіл келетіні екі есе тыңдап, бір рет сөйле дегенге саяды. Диканшылықта еңбегіңе сен. Тәжірибе жинақта. Наның жүріп, тасың өрге домаласа, тасыма, тауың шағылып, өзгелерден үстемдік көрсен, жасыма. Саған жақсы сөйлеп отырып, басқаның бәрін жамандап отырғандарға сенбе. Дикан арқаланып кетті білем жалғастыра берді. Сауаты жоқ, қарапайым да салмақты сөзі Шырынкүлді баурап алды.

– Әй, шал, шәйіңді ұрттап отырсаңшы, тым шешенсіп кеттің ғой мүлде, – деді кемпірі сактандырғандай.

– Халқымызда, – деді дикан әңгімесін үзбей, – “Кімнің бай болғысы келмейді – құдайы қаламайды, кімнің батыр болғысы келмейді – жүрегі дауаламайды” деген сөз бар. Жүрегіңе сен. Ісінді құдай оңдасын.

Су – ағады, тас – қалады. Ал, ел де, жер де қалады. Тәңірі берекемізді кетірмесін. Өмірде сапарың ақ, басына бақ қоныс! – деді де дикан жастыққа қисайды.

Диканның аталы сөздері Шырынкүлдің жан дүниесін билеп алды. Қамқор адамның мына жанашыр әңгімесі өмір жолының шамшырағындай әсер етті.

IV

60-шы жылдар аяғында дикан, жас жақаевшылардың көшбасшысы Шырынкүл Қазанбаева Социалистік Еңбек Ерінің Алтын Жұлдызын омырауына тақты. Еңбек атты киенің нар тұлғасы Ыбырай Жақаевтың ақ батасы қабыл болды деген осы.

Зәкім ЖАЙЛЫБАЙ.
«Жамағат жадындағы Жақаев» кітабынан.

● БРИФИНГ

СЫР СПОРТШЫЛАРЫ СЕНІМДІ АҚТАЙДЫ



Облыста бұқаралық-спорттық және дене шынықтыру сауықтыру шараларының саны артып келеді. Биылдың өзінде облыс көлемінде 785-ке жуық шара ұйымдастырылып, оған 183 мыңға жуық адам қатысқан. Бұл туралы өңірлік коммуникациялар орталығында өткен брифингте облыстық дене шынықтыру және спорт басқармасының басшысы Садық Мұстафаев мәлімдеді.

– Биыл Ұлы Жеңістің 71 жылдығына арналған Кеңес Одағының батыры Т.Көмекбаев атындағы самбодан халықаралық мемориал, жауынгер-интернационалист Б.Шалғынбаевты еске алуға арналған футболдан, А.Махамбетовты еске алуға арналған шахматтан ҚР кубогы мен 1500-ге жуық мемлекеттік қызметкерлердің қатысуымен облыс әкімінің жүлдесіне арналған 21-ші спартакиада

өтті. Сондай-ақ, ұлттық спорт түрін бұқара арасында кеңінен насихаттау мақсатында қазақ күресінен “Алтын белбеу” облыстық турнирі өткізіліп, қала мен аудандардан 8000-ға жуық спортшы қатысты, – деді С.Мұстафаев.

Одан бөлек орталық стадионның қосалқы футбол алаңында қайта жаңғырту жұмыстары басталғанын айту керек. Сонымен қатар қыркүйек

айында қысқы спорт түрлерін дамыту мақсатында шорт трек бөлімшесін ашу жоспарлануда.

Ал биылғы жылдың басты оқиғасы Рио-де-Жанейрода өтетін Олимпиада ойындарына келетін болсақ, оған облысымыздан 3 спортшы қатысады деп күтілуде.

– 15 тамызда ауыр атлетикадан Александр Зайчиков бағын сынайды. Ғалымжан Өсербаев еркін күрестен 19 тамызда өнер көрсетсе, 17 тамызда Айнуір Есбергенова тасқандодан шеберлігін көрсетпек. Қазір спортшылар тыңғылықты дайындық үстінде. Үш спортшымыз да медальдан үмітті, оларға артар сенім мол, – деді С.Мұстафаев.

Айта кету керек, биыл Рио-де-Жанейроға 104 спортшы бармақ. Өткен жылмен салыстырғанда биыл олимпиадаға баратын Қазақстан құрамасының саны аз.

М.СНАДИН.

“АЛТЫН АДАМ” АЙМАҚТАРДЫ АРАЛАП ЖҮР

Тамыз айының 2-4 күндері Сыр өліне “Алтын адам” келеді. Елордадағы Ұлттық музейде орналақан экспонат өңірлерді аралап жүр. Атақты экспонатпен жүзесу қызылордалықтарға да бұйырады. Бұл туралы өңірлік коммуникациялар орталығындағы брифингте облыстық мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы басшысының орынбасары Мира Әбуова мәлім етті.

– “Алтын адаммен” саяхатқа барамын деушілерді қолдаймыз. Қызылорданың тарихи жерлерін аралаймыз десеніздер де қуаныштымыз. Мәдени мұраларымызды қолдап, қорғап, өскелең ұрпаққа таныстыра жүру – біздің міндетіміз, – деді басқарма басшысының орынбасары.

Жалпы жыл басынан бері аймақта мәдениет саласы белсенді жұмыс атқарған. Мәселен, облыстық филармония ұжымы ел Тәуелсіздігінің 25 жылдығы мерекесіне орай Ресейдің Орынбор қаласында, Ташкент және Батыс Қазақстан, Ақтөбе облыстары мен Тараз қаласында гастрольдік концерттер ұйымдастырып келді. Филармония құрамындағы “Томирис” би ансамблі “ТҮРКСОЙ” халықаралық ұйымының шақыртуымен Түркияда, АҚШ-тың Нью-Йорк, Вашингтон қалаларында өткен Наурыз мерекесінде өнер көрсетті.

– Сыр өңірінде соңғы жылдары мәдениетке қолдау малайды. Аймақ басшылығы жіті назар аударып келеді. Үстіміздегі жылдың алғашқы алты айлығының өзінде Жаңақорған ауданы, Талап ауылдық округіне қарасты Бесарық елді мекенінде ауылдық клуб пайдалануға берілді. Жыл басында “Жұмыспен қамту жол картасы – 2020” бағдарламасы негізінде республикалық бюджеттен 6 клуб пен 1 кітапхананың күрделі жөндеуіне 201 млн 119 мың теңге

бөлінді. Шиелі ауданында 2 клубты күрделі жөндеуге аудандық бюджеттен 62 млн 839 мың теңге қаралды. Құрылыс жұмыстары қарқынды жүргізілуде, – деді басшы орынбасары.

Есепті мерзімде облыстық музейде 2141 экспонатпен толықтырылған. Облыстық музейлерде 4 510 экскурсия, 290 көрме, 323 дәріс әріден басталатын Н.Бөкежанов атындағы қазақ музыкалық драма театры өнеріміздің дамуына елеулі үлес қосты.

Сонымен қатар биыл Сығанақ, Шірік-Рабат, Жанкент қалашықтарына археологиялық қазба жұмыстары үшін 24 млн теңге бөлініп, зерттеу жұмыстары жүргізілуде.

Дәулет ҚЫРДАН.



ЗИЯТКЕРЛЕР САЙЫСЫ

“Қорқыт елі – Қармақшы” жастар қоғамдық бірлестігінің ұйымдастыруымен кент әкімшілігінің мәжіліс залында “Брейн ринг” интелектуалды сайыс өтті.

Елбасы Н.Назарбаевтың “Қазақстан жана жаһандық нақты ахуалда: өсім, реформалар, даму” атты Жолдауын кеңінен насихаттау мақсатында өткен шарада қатысушылар 2 кезең бойынша бақ сынасып, белсенділіктерін көрсетті. Аудандық мәслихат депутаты М.Ибраев, “Нұр Отан” партиясы Қармақшы аудандық филиалының сарапшы маманы Ж.Мұханбетқалиев, аудандық ішкі саясат бөлімінің маманы С.Әбдісілімов төрелік еткен сайыс нәтижесінде жүлделі I орынды “Қармақшы жастары” командасы иеленді. II орынды “Мобильді жастар” еншілессе, “Болашақ” командасы келесі орынға лайық деп танылып, жеңімпаздарға арнайы Алғыс хат пен дипломдар табыс-талды.

Мөлдір ҚАЛЫМБЕТ.



ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ МӘДЕНИЕТТІ ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Қоғамның жегі құрты – жемқорлыққа қарсы шаралардың аясы уақыт өткен сайын кеңейіп келеді. «Ұлт жоспарында» кәсіби мемлекеттік аппаратты қалыптастыру бағыты бойынша атқарылатын жұмыстар атап көрсетілген. Мемлекеттік қызметкерлердің жаңа әдеп нормаларын енгізу мәселесі осы жоспардан туындап отыр. Мемлекеттік қызметші өз кәсібінің білікті маманы болуымен қатар мемлекеттік басқару органының имиджіне нұқсан келтірмейтіндей әдеп нормаларына сай болуы керек.

Жуырда Мемлекеттік қызмет істері министрлігінің облыс бойынша департаменті «Сы-байлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастырудағы Әдеп жөніндегі уәкілдің рөлі» тақырыбында семинар-кеңес өткізді.

Департамент басшысы Ж.Жылқышиева мемлекеттік қызметкерлерге арналған Әдеп кодексіндегі талаптар туралы айтып берді. Кодексте мемлекеттік қызметкердің қызметтегімен қоса қызметтен тыс уақыттағы мінез-құлқына, көпшілік алдында өзін-өзі ұстауына, лауазымын пайдаланып жеке мәселелерін шешпеуіне жете мән берілген. Бұл арқылы халықтың мемлекеттік органдарға сенімін нығайту, мемлекеттік қызметтегі өзара қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыру, әдепсіздіктің алдын алу көзделіп отыр.

Семинар барысында облыс әкімі аппараты басшысының орынбасары, Әдеп жөніндегі уәкіл Р.Ысқақов қызмет этикасының нормалары, ұжымдағы моральдық-психологиялық ахуалды қалыптастыру, Әдеп жөніндегі уәкілдің сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастырудағы рөлі туралы айтты.

Семинарда департамент қызметкерлері мемлекеттік қызметкерлердің мінез-құлық әдеп ережелерін реттеудегі жаңа институттар туралы, заңнамаға енгізілген өзгерістер мен толықтырулар жайында баяндама жасап, қатысушыларға түсіндірді.

М.МЕРЕЙ.

ТАУАРӨНДІРУШІЛЕР ҚҰҚЫҒЫ ТЕНДЕРДЕ ТЕҢ ЕМЕС

Қызылорда облысының кәсіпкерлер палатасы бұдан былай сатып алу процестері барысында отандық тауарөндірушілердің құқығына шектеу келтіріп, техникалық ерекшеліктерді шетелдік өнімдерге сай әзірлейтін мекемелерге қатысты түскен кәсіпкерлердің шағымдарын прокуратура және қаржылық бақылау органдарымен бірге қатаң бақылауға алатын болады.

Кәсіпкерлер палатасының мұндай мәлімдеме жасауына әлі де мемлекеттік органдар тарапынан жергілікті тауарөндірушілерге басымдық берілмей отырғандығы себеп болуда. Жиында Палата директоры Ғалымбек Жаксылыков отандық тауар өндірушілерге қолдау көрсету мақсатында атқарылып жатқан шараларға тоқталды.

– Отандық тауарөндірушілерге қолдау көрсету қазіргі заман талабы екендігі баршамызға аян. Бұл ретте Ел Үкіметі, облыс әкімдігі тарапынан да жан-жақты қолдау көрсетіліп келеді. Атап айтқанда, осы жылдың 15 сәуірінде отандық тауарөндірушілерге қолдау көрсету мақсатында аймақ басшысы Қырымбек Көшербаевтың қолдауымен облыста арнайы жұмыс комиссиясы құрылды, – деді ол.

Ғалымбек Жаксыбековтың айтуынша, Кәсіпкерлер палатасының мамандары жыл басынан бері облыстағы 186 мемлекеттік мекеменің сатып алу процесіне қатысты талау жұмыстарын жүргізді. Қазіргі таңда қолда

бар мәлімет бойынша 186 мемлекеттік мекеме-мен барлығы 10 млрд 397 млн теңгеге сатып алу процесі жүргізілген. Оның ішінде 4 млрд 935 млн теңгеге қызмет, жұмыс немесе тауар отандық тауарөндірушілерден алынған.

Жалпы жарияланған конкурстардың қорытындысымен 40 пайыздан астам отандық тауарөндірушілер жеңімпаз деп танылған. Дегенмен, ар жағындағы 60 пайызда неге отандық тауарөндірушілеріміздің үлесі жоқ деген заңды сауал туындайды. Осы ретте Кәсіпкерлер палатасы мемлекеттік органдардың сатып алу процестерінің ұйымдастырылу барысына мониторинг жүргізуде.

Айта кетейік, жаңа оқу жылы қарсаңында Кәсіпкерлер палатасы облыста оқушылардың оқу киімдерін тігетін тігіншілер мен жиһаз әзірлеушілердің көрмесін ұйымдастыру бағытында жұмыс жасауда. Шара тамыз айының екінші онкүндігіне дейін өткізіледі деп жоспарланған.

Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ.

ҚР Мемлекеттік сыйлығына ұсынылған шығармалар

«Бабалар сөзі» – білімнің көзі



«Мәдени мұра» – ұлт руханиятының барша бағыттарын қамтитын жоба. Дегенмен, басқа мәдени-тарихи және көркем дүниелерге қарағанда ұлттың байырғы болмысын толыққанды таныта алатын, туған тілімізді тереңітіп, рухымызды ұлықтайтын бірден-бір құндылық, ол – халық ауыз әдебиеті.

Мәдени мұра ғылымының ауқымы қандай кең болса, қазақ ауыз әдебиетінің жанрлық құрылымы, тақырыбы мен пікі мазмұны сай алуан мәселелерді қамтитын шексіз қазына. Ертегілер, батырлар жыры, мифтер мен тарихи аңыздар, діни хикаялар мен аңсаналар, мақал-мәтелдер мен шешендік сөздер, ғашықтық эпостар мен хикаялық дастандар, шешендік сөздер мен айтыстар, жұмбақтар мен сағт өлеңдері, аңшылық – төрт түлікке байланысты және балалар фольклоры, халық мақамдары мен саз – әуендері, т.б. ұлттық мәдениет мәйектері – халқымыздың кешелен бүгінге бүлібей жеткен бірегей құнды мұрасы.

Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә. Назарбаевтың бастамасымен жүзеге асырылып жатқан «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы аясында мәдени, тарихи және әдебиет турғыдан көптеген маңызды жаңалықтар ашылды, ұлттың рухани қорына ондаған бағалы еңбектер мен құнды жәдігерлер қосылды. Бұған «Бабалар сөзі» 100-томдық басылымын атауға болады. Бүгінгі күні қазақ фольклорының байырғы да бай мұрасы 100 томдық М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты ғалымдарының зор ықпалат, төртөкті еңбектерінің арқасында Астанадағы «Фолант» баспасынан жарық көріп отыр. Бұл бадамасы басылымға қазақ фольклорының барлық жанрлары түгелдей еніп отырғаны қандай керемет!

Бірден айта кету керек, аталған серияға енген фольклорлық шығармалардың 80 пайызы бұрын-соңды жарық көрмеген. Мысал үшін, діни дастандар бұған дейін жабдық, тыйым салынған тақырып ретінде мүлде жарияланба, хикаялық дастандардың бірер томы ғана баста бетін көрген. Ал батырлық жырлардың санаулы нұсқалары ғана жиналанып шыққаны мәлім. Әрине, қазақ эпостарының толық көлемде басылмай келуіне еліміздегі фольклор ғылымының кенжелеу дамуы ғана емес, Кеңес кезіндегі ықпалға, солайық саясаттың да кесірі аз тімгені көпке белгілі жағт.

М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтында дайындалып, жарық көрген 100 томдық еңбекте қазақ халқының ғасырлар бойы ұрпақтан-ұрпаққа ауызша тарап келген рухани жәдігерлері Қазақстанның Ұлттық және Орталық кітапханаларының, М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының, Кітап мұражайының сирек қорларында сақталған қолжазбалардан жинақталып, бір серияға топтастырылған. Бұл бірегей басылымда ата-бабаларымыздан қалған батырлық, тарихи, ғашықтық жырлар мен шешендік сөздер, аңыздар, аңсаналар, хикая-эпикалар, әңгімелер жанр бойынша жүйеленіп берілгені – үлкен ұтыс. Басылымды құрастырушылар әдеби жәдігерлерді ешбір оңдусыз, өзгертусіз, түпнұсқа негізінде жариялауда, әр мәтіннің тарихи тәркініне ғылыми сараптаулар жүргізуге де көп күш жұмсағандары аңғарылады.

Әлбетте, «Бабалар сөзі» 100 томдық сериясы – ғылыми басылым. Бұл әлем фольклоры тарихындағы ересен ерлік, ал әділдік көңіс, аталған басылым бүгінгі түркілік Қазақстан мәдениеті мен руханиятының басты бөрені ретінде саналады. Мәз-мұнында қазақ фольклорының барлық жанрлары түгеліе жыл қамтылған. Көптомдықтың 63 томына қазақ эпостары мен олардың көптеген нұсқаларының мәтіндері енген. Алғашқы 32 томының мазмұнын хикаялық

діни және ғашықтық дастандар мен Қытайдағы қазақ фольклоры үлгілері құраса, қалған 31 томы көне эпос, батырлық, қаһармандық және тарихи жырлар кірген. 64-100 томдарда қазақ фольклорының жұмбақ, мақал-мәтелдер, мифтер, ертегілер, аңыздар, шежірелер, тұрып-сағт, отбасылық және балалар фольклоры, қара өлеңдер мен ән өлеңдер, т.б. жанрлары қамтылған. Әрбір жеке фольклор жанрының бірінші томына арнайы ғылыми алғысөз берілген. Серияның барлық томдары ғылыми қосымшалармен: мәтіндердің ғылыми түсініктемелері, сөздік, жер-су атаулары, тарихи және діни есімдер, жыршы, айтушы және жинаушылар туралы мәліметтермен толықтырылған. Сонымен қоса, орыс және ағылшын тілдеріндегі түйіндеме, пайдаланылған әдебиеттер мен «Құрастырушылардан» тарауы бар.

Жүз томдық топтаманың ең бір сүбелі саласы – қазақ эпосының кең көлемде қамтылуымен құнды дер едім. Осы серияда «Қобыланды батырында» 25 нұсқасы (4 том), «Алпамыстан» 11 нұсқасы (2 том), «Қырымның қырық батыры» (2 том), «Еділге батыр» (1 том), «Қарасай-Қазында» 19 нұсқасы (3 том), «Орақ-Мамай» (1 том), «Қамбар батыр» (1 том), «Қозы Көрпеш-Баян сөзі» (2 том), «Қыз Жібек» (1 том), өзге де көптеген батырлық, ғашықтық эпостарымыздың сирек қорда сақталған бұрын-соңды беймәлім варианттары тұннұсқа бойынша алғаш рет жариялануы – қазақ ғылымының зор жетістігі! Бұдан былай 100 томдықтан әр түрлі сала ғалымдары іздеген аңыз, тауып, тарих, палеоантропология мен мәдениеттану бағытында жана ізденістер жасалуына даңғыл жол ашылып отыр десек, қателеспейміз.

Сөз жоқ, «Мәдени мұра» бағдарламасы (2003 – 2013 жыл) Қазақстан мәдениетіне зор табыс әкеліп отыр. Бұл тарихи жетістіктерімізді халықаралық деңгейдегі (ЮНЕСКО) мәдени орталықтар мен дүние жүзінің жетекші жоғары оқу орындарының кесібі мамандары мойындап, бүгінгі күнге әлемдік руханияты аттын қорына қосылған орасан олжа ретінде жоғары баға береді.

Дегенмен, мәдени мұраларды меңгеру, игеру, жариялау қаншалықты мәнді шара ретінде танылса, оның жаңалықтары мен нәтижелерін ғылыми оралымға, білім бағдарламаларына енгізу, көне мәдениет үлгілері мен қолжазбаларды ғылыми зерттеу жұмыстары да сонышалық маңызды шаруа болып есептеледі. 2008 жылдың 13-маусымында ҚР Президентінің қатысуымен өткен «Мәдени мұра» бағдарламасын жүзеге асыру жөніндегі қоғамдық кеңестің кеңейтілген отырысында ғалымдар мен ЖОО оқытушылары осы мәселеге ерекше назар аударып, Елбасы көтерген бастаманы одан әрі жүзеге асыру мақсатын алға қойғанын да білеміз.

Содан бері де бірнеше жыл зулап өте шықты. Қазақстанның ғылым мен білім саласы болса, әлемдік ақыл-ой көпше ілесіп, үздіксіз ілгері басып келеді. Қазақстан Республикасының жалпы білім беру бағдарламалары түгелсіздік жылдарындағы жаңа қоғамдық көзқарастарға сай көптеген өзгерістер мен жаңару үдерісін бастап кешірді. Соңғы онжылдықтың өзінде Отандық білім беруді жетілдіру бағытында бірқатар ғылыми-әдістемелік өзгерістер мен жаңа білім стандарттары қабылданды. Түрлі деңгейдегі ғылым саласындағы қызметкерлер мен ізденушілерге, сондай-ақ, ЖОО-ларын бітіруші жас мамандарға ғылыми дәреже беру тәртібі де Еуропалық үлгіде қайта құрылды. Атап айтқанда, бакалавр, магистр, PhD-доктор тәрізді оқу сатылары мен дәрежелері – жануар үдерісіннің сырт белгілері ғана. Ал осы XXI ғасыр басында қала алынаған жана оқу жүйесінің ғылыми – әдістемелік және педагогтік бағыт-бағдары қандай? Оқу-білім базасына қажетті оқулықтар, көрнекі құралдары, қосымша әдебиеттер мен оқу кітаптары, интернет-сайттар мен көркемдеуші слайдтар жеткілікті ме? Осы орайда «Біздің білім беру жүйелеріміз күрт өзгеріске түскенімен, оқу әдістерін сол бағыт оқытушылар, бұрынғы алдақшан сыртқы мұқабасымен қатар ішкі мазмұны да көнерген ескі оқулықтармен өткізіп жүрген жоқ па?» деген оринды сауал туындайтыны сөзсіз. Әйтпесе, ҰБТ әдісінің заманға сай жаңғыртылған түрлерінің енгізілуі де мектеп, жоғары оқу орындарына арналған бағдарламалар мен оқулықтардың мазмұнын кеңейте түсуді қажет етеді. Өйткені, бұл оқу

әдісі оқушыға неғұрлым көбірек ақпарат беруді және барынша мол мәліметпен қамтуды мақсат етеді.

Десек те, еліміз нарықтық экономиканың өтпелі кезеңінен өтіп, дамыған елу елдің қатарына енгізілгенімен жасап отырған бүгінгі уақыт талабы – ең алдымен әлемдік стандартқа жан-жақты үйлесетін терең әрі сапалы білім мен ізденіске толы іргелі ғылымдардың дамуын аса қажетсініп отырғаны мәлім. Сонымен қатар, оқушылар бағдарламаға сай және сабақтан тыс оқитын хрестоматиялық кітаптардың санын көбейту арқылы дигиттен нәтижеге қол жетер еді. Өкінішке қарай, білім беру салаларында, әсіресе, орта мектеп пен ЖОО-ның филология факультеттерінде бағдарламада оқытылатын тақырыптардың хрестоматияда болмау мысалдары жиі ұшырасады.

Бұл ретте орта және жоғары оқу орындары бағдарламаларын әлі де болса кенестік кезеңнен қалған ескі көзқарастар мен қате түсініктерден арылта отырып, жаңа заманға лайықты тын бағыт, әдіс-әдістер және жоғары деңгейде әзірленген базалық әрі балама оқулықтар арқылы толықтыру – басты міндет.

– «Мәдени мұра» бағдарламасы аясында жарияланып жатқан «Бабалар сөзі» 100-томдық басылымына енетін балалар фольклорының ең таңдаулы, тың нұсқаларын (бесік жыры, санамақ, ойын үлгілері, төрт-түлік өлеңдері, тапқатар, ертегілер, жаңылтпаштар, ою-өрнектер, т.б.) балабақшалардың мектепке дайындақ топтарына (4, 5, 6 жас аралығы) оқыту.

– Орта мектептің бастауыш сыныптарының оқу бағдарламаларына қазақ ауыз әдебиетінің бұрын жарияланбаған, «Бабалар сөзі» басылымын әзірлеу барысында мұрағат, қолжазба қорларынан табылған жана үлгілерін оқушылардың жас деңгейлеріне қарай іріктеніп енгізу (мысалдар, термелер, шағын ерлік, насихат толғаулары, мақал-мәтелдер, ертегілер мен аңыздар, т.б.) 5-8 сынып.

– Орта мектептің жоғары сыныптары үшін қазақ фольклоры, ауыз әдебиетінің інжу-маржаны саналатын батырлық епостар, тарихи жырлар және ғашықтық дастандар мен қазақ мифтерінің үздік үлгілерін ұсыну. 9-10 сынып.

– филология факультеттерінде өтілетін фольклор пәндерінің бағдарламасын «Бабалар сөзі» басылымына енген тың материалдар негізінде толықтырып, ескі оқулықтарды (мыс: М.Қабдуллин. Қазақ халқының ауыз әдебиеті, 1964) жаңаша жазу, жеке жанрлар бойынша хрестоматия сериясын әзірлеу (дастан, батырлық жыр, «Мәдени мұра» мифтері, ерліктер, халық өлеңдері, шешендік сөздер, салт-ғұрыптық фольклор, балалар фольклоры, т.б.) 1-2 курс.

– Жоғары оқу орнын жалғастырушы филолог-магистранттар мен PhD-докторлар үшін қазақ фольклоры мен ауыз әдебиеті пәндері бойынша қосымша және балама оқулықтар әзірлеу, ғылыми-әдістемелік құралдарды әзірлеу; бұл бағытта М.Әуезов атындағы ӘӨИ шығарған 10-томдық «Қазақ әдебиеті тарихының» фольклорға арналған 1-томын пайдаланған жөн.

Жоғарыда аталған іс-шараларды жүзеге асыру мақсатында ЖОО-ларының оқытушылары, ғылыми-зерттеу институттарының ғалымдары және мектеп, бала-бақша мұғалімдері мен қызметкерлері бірлесіп жұмыс істегені жөн деп санаймыз.

Ойымызды қарап отырып, Елбасының тікелей қолдауымен дер шағында жүзеге асырылған Мемлекеттік «Мәдени мұра» бағдарламасы бойынша жарық көрген «Бабалар сөзі» 100 томдық әдеби-фольклорлық сериясы бастапқа әзірлеуде, ерліктер, халық өлеңдері, шешендік сөздер, салт-ғұрыптық фольклор, балалар фольклоры, т.б.) 1-2 курс.

Б.КОРИБОЗУЛЫ, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, ҚР Педагогика ғылымдары Академиясының академигі, филология ғылымдарының докторы, профессор.

2016 жылдың 1-тоқсанында жергілікті атқарушы және өкілді органдарының Қызылорда облысы Әділет департаментінде тіркелген нормативтік құқықтық актілерінің тізбесі

№	НҚА рәквингтері	НҚА атауы	Әділет органдарында тіркелген күні	Мемлекеттік тіркелу нөмірі	Реттеу саласы
Қызылорда облысының Әділет департаменті					
1	Қызылорда облысы әкімінің 2015 жылғы 23 желтоқсандағы N 4773 қаулысы	2016 жылғы Қызылорда қаласы бойынша қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру туралы	08 қыркүйек 2016 жыл	5292	Халықты жұмысқа орналастыру және жұмыспен қамту, Еңбек
2	Сырдария ауданы әкімінің 2015 жылғы 14 желтоқсандағы N 414 қаулысы	«Сырдария ауданындағы тұрғын үй коммуналдық шаруашылық, жөлушылар көлігі және автомобиль жолдары бойынша» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің Ережесін бекіту туралы	11 қыркүйек 2016 жыл	5293	Конституциялық құрылыс және мемлекеттік басқару тетіктері
3	Сырдария ауданы әкімінің 2015 жылғы 22 желтоқсандағы N 430 қаулысы	Қалың ахун ауылдық округі әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің Ережесін бекіту туралы	13 қыркүйек 2016 жыл	5294	Конституциялық құрылыс және мемлекеттік басқару тетіктері
4	Сырдария ауданы әкімінің 2015 жылғы 22 желтоқсандағы N 422 қаулысы	«Қоғамдық ауылдық округі әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің Ережесін бекіту туралы	13 қыркүйек 2016 жыл	5295	Конституциялық құрылыс және мемлекеттік басқару тетіктері
5	Сырдария ауданы әкімінің 2015 жылғы 22 желтоқсандағы N 431 қаулысы	«Сәкен Сейфуллин ауылдық округі әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің Ережесін бекіту туралы	13 қыркүйек 2016 жыл	5296	Конституциялық құрылыс және мемлекеттік басқару тетіктері
6	Сырдария ауданы әкімінің 2015 жылғы 22 желтоқсандағы N 425 қаулысы	«Айдары ауылдық округі әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің Ережесін бекіту туралы	14 қыркүйек 2016 жыл	5297	Конституциялық құрылыс және мемлекеттік басқару тетіктері
7	Сырдария ауданы әкімінің 2015 жылғы 22 желтоқсандағы N 428 қаулысы	«Исраири ауылдық округі әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің Ережесін бекіту туралы	14 қыркүйек 2016 жыл	5298	Конституциялық құрылыс және мемлекеттік басқару тетіктері
8	Сырдария ауданы әкімінің 2015 жылғы 22 желтоқсандағы N 427 қаулысы	«Шан ауылдық округі әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің Ережесін бекіту туралы	14 қыркүйек 2016 жыл	5299	Конституциялық құрылыс және мемлекеттік басқару тетіктері
9	Сырдария ауданы әкімінің 2015 жылғы 22 желтоқсандағы N 421 қаулысы	«Шірдей ауылдық округі әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің Ережесін бекіту туралы	14 қыркүйек 2016 жыл	5300	Конституциялық құрылыс және мемлекеттік басқару тетіктері
10	Шиели ауданы әкімінің 2015 жылғы 15 желтоқсандағы N 679 қаулысы	«Шиели ауылдық ауыл шаруашылығы бойынша» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің Ережесін бекіту туралы	15 қыркүйек 2016 жыл	5301	Конституциялық құрылыс және мемлекеттік басқару тетіктері
11	Жаңақорған ауданы әкімінің 2015 жылғы 24 желтоқсандағы N 342 шешімі	2016 жылғы әлеуметтік қолдау шараларын ұсыну туралы	18 қыркүйек 2016 жыл	5302	Әлеуметтік қамсыздандыру, Сақтандыру
12	Жаңақорған ауданы әкімінің 2015 жылғы 23 желтоқсандағы N 513 шешімі	Әлеуметтік көмек көрсету, оның мөлшерлерін белгілеу және меркіз заманаттарына жеткізетін санитарияның тізбесін айындау туралы	19 қыркүйек 2016 жыл	5303	Отөзекшілік және өте әлеуметтік төлемдер
13	Арал ауданы әкімінің 2015 жылғы 23 желтоқсандағы N 273 шешімі	Әлеуметтік көмек көрсету, оның мөлшерлерін белгілеу және меркіз заманаттарына жеткізетін санитарияның тізбесін айындау туралы	19 қыркүйек 2016 жыл	5304	Отөзекшілік және өте әлеуметтік төлемдер
14	Жаңақорған ауданы әкімінің 2015 жылғы 24 желтоқсандағы N 343 шешімі	Әлеуметтік көмек көрсету, оның мөлшерлерін белгілеу және меркіз заманаттарына жеткізетін санитарияның тізбесін айындау туралы	19 қыркүйек 2016 жыл	5305	Отөзекшілік және өте әлеуметтік төлемдер
15	Сырдария ауданы әкімінің 2015 жылғы 22 желтоқсандағы N 366 шешімі	Сырдария ауданындағы Күрмет грамотасымен наградлану туралы ережесін бекіту туралы	19 қыркүйек 2016 жыл	5306	Мемлекеттік наградалар, Ордендер, медальдар, құрметті атақтар, құрметті грамоталар
16	Шиели ауданы әкімінің 2015 жылғы 23 желтоқсандағы N 408 шешімі	Жер салығының бағалық мөлшерлемелерін жоғарылау туралы	19 қыркүйек 2016 жыл	5307	Алымдар, төлемдер, басқару, төлемдер, Республикалық және жергілікті бюджеттерін кірістер, Сылқатар
17	Сырдария ауданы әкімінің 2015 жылғы 22 желтоқсандағы N 426 қаулысы	«Ақжарық ауылдық округі әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің Ережесін бекіту туралы	19 қыркүйек 2016 жыл	5308	Конституциялық құрылыс және мемлекеттік басқару тетіктері
18	Шиели ауданы әкімінің 2015 жылғы 23 желтоқсандағы N 680 қаулысы	«Шиели ауданындағы экономика және бюджеттік шараларды қолдау» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің Ережесін бекіту туралы	19 қыркүйек 2016 жыл	5309	Конституциялық құрылыс және мемлекеттік басқару тетіктері
19	Сырдария ауданы әкімінің 2015 жылғы 22 желтоқсандағы N 429 қаулысы	«Ақжарық ауылдық округі әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің Ережесін бекіту туралы	19 қыркүйек 2016 жыл	5310	Конституциялық құрылыс және мемлекеттік басқару тетіктері
20	Қазылы ауданы әкімінің 2015 жылғы 24 желтоқсандағы N 371 шешімі	Әлеуметтік көмек көрсету, оның мөлшерлерін белгілеу және меркіз заманаттарына жеткізетін санитарияның тізбесін айындау туралы	20 қыркүйек 2016 жыл	5311	Отөзекшілік және өте әлеуметтік төлемдер
21	Сырдария ауданы әкімінің 2015 жылғы 22 желтоқсандағы N 423 қаулысы	«Бесарық ауылдық округі әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің Ережесін бекіту туралы	20 қыркүйек 2016 жыл	5312	Конституциялық құрылыс және мемлекеттік басқару тетіктері
22	Сырдария ауданы әкімінің 2015 жылғы 22 желтоқсандағы N 432 қаулысы	«Нағашы ауылдық округі әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің Ережесін бекіту туралы	20 қыркүйек 2016 жыл	5313	Конституциялық құрылыс және мемлекеттік басқару тетіктері
23	Жалағаш ауданы әкімінің 2015 жылғы 24 желтоқсандағы N 49-11 шешімі	Жалағаш ауданындағы мемлекеттік кеңістік бойынша жөлушылар мен пешмекерлерін өткізуге туралы	21 қыркүйек 2016 жыл	5314	Нормативтік құқықтық актілер, дайындау, қабылдау, құрметті атақтар, құрметті грамоталар, құрметті грамоталар
24	Жаңақорған ауданы әкімінің 2015 жылғы 24 желтоқсандағы N 283 қаулысы	«Жаңақорған ауданындағы мәдениет және тілдерді қолдау» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің Ережесін бекіту туралы	21 қыркүйек 2016 жыл	5315	Конституциялық құрылыс және мемлекеттік басқару тетіктері
25	Қызылорда облысы әкімінің 2016 жылғы 20 қаңтардағы N 2 қаулысы	«2016 жылғы арналған бюджеттік инвестициялық және қосымшалық жобалардың кеңістіктері туралы»	22 қыркүйек 2016 жыл	5316	Қазақстан Республикасының мемлекеттік бюджеті, Жергілікті бюджеттер
26	Қазылы ауданы әкімінің 2016 жылғы 13 қаңтардағы N 2 қаулысы	2016 жылғы қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру туралы	22 қыркүйек 2016 жыл	5317	Халықты жұмысқа орналастыру және жұмыспен қамту
27	Шиели ауданы әкімінің 2015 жылғы 22 желтоқсандағы N 688 қаулысы	«Шиели ауылдық округі әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің Ережесін бекіту туралы	22 қыркүйек 2016 жыл	5318	Конституциялық құрылыс және мемлекеттік басқару тетіктері
28	Шиели ауданы әкімінің 2015 жылғы 22 желтоқсандағы N 687 қаулысы	«Шиели ауданындағы суару және қала құрылысы бойынша» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің Ережесін бекіту туралы	25 қыркүйек 2016 жыл	5319	Конституциялық құрылыс және мемлекеттік басқару тетіктері
29	Қармақшы ауданы әкімінің 2015 жылғы 23 желтоқсандағы N 315 қаулысы	«Қармақшы ауданындағы мемлекеттік мекемесінің Ережесін бекіту туралы»	25 қыркүйек 2016 жыл	5320	Конституциялық құрылыс және мемлекеттік басқару тетіктері
30	Шиели ауданы әкімінің 2015 жылғы 22 желтоқсандағы N 689 қаулысы	«Шиели ауданындағы жер қатынастары бойынша» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің Ережесін бекіту туралы	25 қыркүйек 2016 жыл	5321	Конституциялық құрылыс және мемлекеттік басқару тетіктері
31	Қызылорда облысы әкімінің 2015 жылғы 23 желтоқсандағы N 272 қаулысы	«2016 жылғы арналған бюджеттік инвестициялық және қосымшалық жобалардың кеңістіктері туралы»	25 қыркүйек 2016 жыл	5322	Ауыл шаруашылығын материалдық-техникалық жабдықтау
32	Сырдария ауданы әкімінің 2015 жылғы 21 қаңтардағы N 37 қаулысы	Шарықтағы негізгі үй-жайлар беру туралы	25 қыркүйек 2016 жыл	5323	Сайлау жүйесі, Сайлау

Қосымша

33	Қызылорда облысы әкімінің 2015 жылғы 30 желтоқсандағы № 286 қаулысы	«2016 жылғы Қызылорда облысы спортшыларының әлеуметтік қорғалым мәселелері туралы»	26 қыркүйек 2016 жыл	5324	Әлеуметтік қамсыздандыру, Сақтандыру
34	Қызылорда облысы әкімінің 2015 жылғы 24 желтоқсандағы № 274 қаулысы	«Қызылорда облысы әкімінің Регламентін бекіту туралы»	26 қыркүйек 2016 жыл	5325	Конституциялық құрылыс және мемлекеттік басқару тетіктері
35	Жалағаш ауданы әкімінің 2015 жылғы 23 желтоқсандағы № 49-7 шешімі	Жалағаш ауданының Күрмет грамотасымен наградтану туралы Ережесін бекіту туралы	26 қыркүйек 2016 жыл	5326	Мемлекеттік наградалар, Ордендер, медальдар, құрметті атақтар, құрметті грамоталар
36	Қызылорда қаласы әкімінің 2016 жылғы 11 қаңтардағы № 4828 қаулысы	2016 жылғы Қызылорда қаласындағы аумақтық тұрғын ықпалына топтарға жататын адамдардың қосымша тізбесін белгілеу туралы	28 қыркүйек 2016 жыл	5327	Еңбек
37	Қызылорда облысы әкімінің 2015 жылғы 28 желтоқсандағы № 279 қаулысы	«Табигат қорғау саласындағы мемлекеттік қорықтардың қызметтерін регламенттерін бекіту туралы» Қызылорда облысы әкімінің 2015 жылғы 9 қыркүйектегі № 155 қаулысына өзгеріс енгізу туралы»	01 ақпан 2016 жыл	5328	Мемлекеттік қызметтер, Мемлекеттік қызметтер көрсету стандарттары
38	Жаңақорған ауданы әкімінің 2016 жылғы 27 қаңтардағы № 313 қаулысы	2016 жылғы қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру туралы	03 ақпан 2016 жыл	5329	Еңбек
39	Жаңақорған ауданы әкімінің 2016 жылғы 27 қаңтардағы № 313 қаулысы	Үгіттік баста материалдарын орналастыру үшін орындар белгілеу туралы	03 ақпан 2016 жыл	5330	Мемлекеттік құрылым
40	Қызылорда облысы әкімінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы № 285 қаулысы	«Қызылорда облысының Жаңақорған және Жалағаш аудандары аумағындағы Сырдария өзенінің су қорғау аймақтарын, бөлулерін және оларды шаруашылыққа пайдалану режимін белгілеу туралы»	03 ақпан 2016 жыл	5331	Суларды қорғау және пайдалану
41	Қазылы ауданы әкімінің 2015 жылғы 24 желтоқсандағы № 344 және Қазылы ауданы әкімінің 2015 жылғы 24 желтоқсандағы № 370 қаулысы мен шешімі	«Қазылы қаласындағы көшені қайта атау туралы»	03 ақпан 2016 жыл	5332	Әкімшілік-аумақтық бірліктердің, елді мекендердің құрама бөліктерін атаулары, қайта атаулары
42	Ақтау ауданы әкімінің 2016 жылғы 27 қаңтардағы № 18-н қаулысы	«Үгіттік баста материалдарын орналастыру үшін орындар белгілеу туралы» Ақтау ауданы әкімінің 2015 жылғы 23 ақпандағы № 42-к қаулысына өзгерістер енгізу туралы	03 ақпан 2016 жыл	5333	Нормативтік құқықтық актілер дайындау, қабылдау, өткеру, жариялау, түсінілу, Мемлекеттік сесіне ату, Сайлау жүргізу, Сайлау
43	Жалағаш ауданы әкімінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы № 10 қаулысы	Кандидаттарға сайлаушылармен кездесу үшін шарттық негізде үй-жайлар беру туралы	10 ақпан 2016 жыл	5334	Сайлау жүргізу, Сайлау
44	Ақтау ауданы әкімінің 2016 жылғы 18 қаңтардағы № 6-н қаулысы	2016 жылғы қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру туралы	05 ақпан 2016 жыл	5335	Еңбек, Халықты жұмыспен орналастыру және жұмыспен қамту
45	Қызылорда облысы Жаңақорған ауданы әкімінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы № 11 қаулысы	2016 жылғы қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру туралы	05 ақпан 2016 жыл	5336	Халықты жұмыспен орналастыру және жұмыспен қамту, Еңбек
46	Шіелі ауданы әкімінің 2016 жылғы 26 қаңтардағы № 719 қаулысы	2016 жылғы қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру туралы	05 ақпан 2016 жыл	5337	Еңбек, Халықты жұмыспен орналастыру және жұмыспен қамту
47	Ақтау ауданы әкімінің 2016 жылғы 27 қаңтардағы № 17-н қаулысы	Кандидаттарға сайлаушылармен кездесуі үшін шарттық негізде үй-жай беру туралы	05 ақпан 2016 жыл	5338	Сайлау жүргізу, Сайлау
48	Жаңақорған ауданы әкімінің 2016 жылғы 27 қаңтардағы № 313 қаулысы	Шарттық негізде үй-жайлар беру туралы	05 ақпан 2016 жыл	5339	Сайлау жүргізу, Сайлау
49	Қызылорда облысы әкімінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы № 283 қаулысы	«Қызылорда облысының Шіелі және Сырдария өзенінің су қорғау аймақтарын, бөлулерін және оларды шаруашылыққа пайдалану режимін белгілеу туралы»	05 ақпан 2016 жыл	5340	Суларды қорғау және пайдалану, Суларды қорғау Су қамтамсыз бұғандығы үшін жауапкершілік
50	Қызылорда облысы әкімінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы № 284 қаулысы	«Қызылорда облысының Ақтау, Қазылы және Жаңақорған аудандары аумағындағы Сырдария өзенінің су қорғау аймақтарын, бөлулерін және оларды шаруашылыққа пайдалану режимін белгілеу туралы»	05 ақпан 2016 жыл	5341	Суларды қорғау және пайдалану, Суларды қорғау Су қамтамсыз бұғандығы үшін жауапкершілік
51	Шіелі ауданы әкімінің 2016 жылғы 02 ақпандағы № 732 қаулысы	Шарттық негізде үй-жайлар беру туралы	09 ақпан 2016 жыл	5342	Сайлау жүргізу, Сайлау
52	Қармақшы ауданы әкімінің 2016 жылғы 15 қаңтардағы № 143 қаулысы	2016 жылғы қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру туралы	09 ақпан 2016 жыл	5343	Халықты жұмыспен орналастыру және жұмыспен қамту, Еңбек
53	Қазылы ауданы әкімінің 2016 жылғы 01 ақпандағы № 623 қаулысы	«Шарттық негізде үй-жайлар беру туралы»	11 ақпан 2016 жыл	5344	Сайлау жүргізу, Сайлау
54	Жалағаш ауданы Ақсары ауданының округі аумағындағы 26 қаңтардағы № 2 шешімі	«Көшені қайта атау туралы»	11 ақпан 2016 жыл	5345	Әкімшілік-аумақтық бірліктердің, елді мекендердің құрама бөліктерін атаулары, қайта атаулары
55	Ақтау ауданы әкімінің 2016 жылғы 27 қаңтардағы № 16-н қаулысы	2016 жылғы арналарға Ақтау ауданының аумағында тұрғын ықпалына топтарға жататын адамдардың қосымша тізбесін белгілеу туралы	11 ақпан 2016 жыл	5346	Халықты жұмыспен орналастыру және жұмыспен қамту
56	Қызылорда облысы әкімінің 2016 жылғы 05 ақпандағы № 327 қаулысы	«2016 жылғы арналарға ықпал тұрғышы мал шаруашылығындағы өнімділігі және оны сапасын арттыруын субсидиялау туралы»	11 ақпан 2016 жыл	5347	Жануарлар дүниесін қорғау және пайдалану
57	Жалағаш ауданы әкімінің 2016 жылғы 11 қаңтардағы № 8 қаулысы	«Жалағаш ауданымен сәулет және қала құрылысы бойынша жергілікті әкімдерінің мемлекетінің Ережесін бекіту туралы» Жалағаш ауданының 2015 жылғы 30 ақпандағы № 22 қаулысына өзгеріс енгізу туралы	11 ақпан 2016 жыл	5348	Конституциялық құрылыс және мемлекеттік басқару тетіктері, Нормативтік құқықтық актілер дайындау, қабылдау, өткеру, жариялау, түсінілу, Мемлекеттік сесіне ату
58	Жалағаш ауданы Ақсары ауданының округі аумағындағы 2016 жылғы 01 ақпандағы № 2 шешімі	«Көшені қайта атау туралы»	11 ақпан 2016 жыл	5349	Әкімшілік-аумақтық бірліктердің, елді мекендердің құрама бөліктерін атаулары, қайта атаулары
59	Жаңақорған ауданы Қостөбе ауданының округі аумағындағы 2016 жылғы 28 қаңтардағы № 15 шешімі	«Қостөбе ауданындағы көшеге атау беру туралы»	11 ақпан 2016 жыл	5350	Әкімшілік-аумақтық бірліктердің, елді мекендердің құрама бөліктерін атаулары, қайта атаулары
60	Қызылорда облысы әкімінің 2016 жылғы 08 ақпандағы № 295 қаулысы	«Дене шынықтыру және спорттық аумағында мемлекеттік қорықтардың қызметтерін регламенттерін бекіту туралы» Қызылорда облысы әкімінің 2015 жылғы 8 наурыздағы № 299 қаулысына өзгерістер енгізу туралы	11 ақпан 2016 жыл	5351	Мемлекеттік қызметтер, Мемлекеттік қызметтер көрсету стандарттары
61	Қармақшы ауданы әкімінің 2016 жылғы 09 ақпандағы № 161 қаулысы	«Шарттық негізде үй-жайлар беру туралы»	12 ақпан 2016 жыл	5352	Сайлау жүргізу, Сайлау
62	Қызылорда қаласы әкімінің 2016 жылғы 11 ақпандағы № 4923 қаулысы	«Кандидаттарға сайлаушылармен кездесуі үшін шарттық негізде үй-жайлар беру туралы»	12 ақпан 2016 жыл	5353	Сайлау жүргізу, Сайлау
63	Қызылорда облысы әкімінің 2016 жылғы 14 қаңтардағы № 299 қаулысы	«Мемлекеттік қорықтардың қызметтерін регламенттерін бекіту туралы»	12 ақпан 2016 жыл	5354	Мемлекеттік қызметтер, Мемлекеттік қызметтер көрсету стандарттары

ОЙ ТҮБІНДЕ ЖАТҚАН СӨЗ

АМАНДАСУ –
АДАМГЕРШІЛІК

Күнделікті әдетіммен жұмыстан түскі үзіліске шығып, автобуска отырдым. Келесі аялдамадан мінген апай көлікке отырмай тұрып, амандасып кірді. Өзі қатарлас кассир апайым бейтаныс әйел «өзін біреумен шырамытып тұр ма?» дегендей ишара танытты. Жоқ, ешкіммен шатастырып, немесе бір танысына ұқсатпапты. «Жай қазақтың салты емес пе? Кірген бойда амандасып, жөн сұрасып жатқанымның себебі сол» деп түсіндіріп жатыр. Кассир апайым жылы күлімсіреді.

Иә, көзге байкала бермейтін жай ғана амандасудың өзі адам баласына жылылық сыйлайтынын сезіне бермейміз. Күнделікті көріп жүген адамымыз той дегендей ерніміздің ұшымен жыбырлатып сәлемдескен боламыз. Ал, негізінде халқымызда «сәлем – сөздің анасы» деп бекерге айтылмайды. Оның өзіндік әдеби бар. «Сөзінді түзе әдетіне айналды, әдетің мінезіңе айналды. Ал, мінезің – сенің тағдырың» дейді Шәкәрім Құдайбердіұлы. Сол секілді мына жалғанда адамзаттың бір-біріне жылы шырай танытып, жылы амандасқаннан артық ешнәрсе жоқ секілді.

Сәлемдесудің өзге елдерде сан қырлы түрлері де барын біле жүргеніміз абзал. Мәселен, көптеген елде тіл шығару әдісіздік болып табылса, тибет халқы бір-бірін көргенде тілдерін шығарады. Олар өздерінің өзгелерге жауыз емес екендіктерін көрсету мақсатында, солай жасайды. Ал, тува еліндегі сәлемдесу тіпті қызық. Олар бір-бірінің беттеріне жақындап, терең демалады. Жапон халқы бұл рәсімге қатты мән береді. Бір-бірін көргенде иіліп, амандасады. Монғолия елінде келген қонаққа «хала» деп аталатын жібек маталы жолақ береді. Қонақ оны екі қолымен алып, басын ізгеуі тиіс. Хада ұсыну мен алу үлкен құрметтің белгісі. Ал кениялықтарда бір-бірін көргенде билей бастайды. Бұл «сәлемдесу бии» деп аталады. Қытай халқының дәстүрлі сәлемдесуі «қоуту» деп аталады. Сәлемдескен кезде қолдарды бүгін, иілу қажет. Әйел азаматтардың сәлемдесу рәсімі «ваньфу» деп аталады. Олар қолдарын біріктіріп, оны денесінің бойымен төмен қарай сырғатады.

Міне, «ар елдің салты басқа, иттері қара қасқа» деген осы болар. Не десек де, адамдық қалыптан айнамай, аман-саулық сұрасып жүргенге не жетсін. Әсіресе, ескістен кірген бойда «Ассалаумағалейкум» деп малжанның жағдайын сұрай кіретін халқымыздың дархан мінезіне ештеңе тең келмес.

Айсәуле САҒАТБЕКҚЫЗЫ.

ЕЛБАСЫНЫҢ КІТАПХАНАСЫ МЕН ҚОРЫ
ЖУРНАЛИСТЕРГЕ АРНАЛҒАН «ҚАЗАҚСТАН ТӘУЕЛСІЗДІГІ
ЖӘНЕ ЕЛБАСЫ» КОНКУРСЫН ЖАРИЯЛАЙДЫ

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасының кітапханасы мен Қоры Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 25 жылдығын құрметпен атап өту мақсатында, баспа және электрондық бұқаралық ақпарат құралдары қызметкерлері арасында «Қазақстан Тәуелсіздігі және Елбасы» тақырыбы бойынша, алдағы тарихи оқиғаға арналған таңдаулы материалдарға ашық конкурс жариялайды.

Конкурстың мақсаты – елдің тәуелсіздік жылдарындағы жетістіктерін көрсету, Қазақстан мемлекеттілігінің негізі ретінде «Назарбаев моделін», Елбасының идеялары мен бастамаларын танымал ету.

Конкурс төрт номинация бойынша өткізіледі:

- 1) «Үздік теледидар материал»;
- 2) «Үздік радиоматериал»;
- 3) «Газеттер мен журналдардағы үздік мақала»;
- 4) «Ғаламтор-БАҚ-тағы үздік жарияланым».

Номинациялардың әрқайсысы бойынша жеңімпаздарға 1 миллион теңге мөлшерінде ақшалай жұлде беріледі, ал екінші және үшінші орындар үшін тиісінше – 500 мың және 200 мың теңге беріледі. Одан басқа, барлық жүлдегерлерге дипломдар мен төсбелгілер тапсырылады.

Конкурсқа кәсіпқой журналистер жеке де және ұжымдық негізде де қатыса алады.

Конкурсқа 2016 жылғы 1 маусымнан бастап 31 қазан мерзімі бойынша мемлекеттік және орыс тілдерінде ресми жарияланған (басылған, эфирге шығарылған, ғаламторда орналастырылған) бірегей материалдар қабылданады.

Конкурстың қорытындысын белгілі журналистер, Қазақстанның көрнекті мемлекет және қоғам қайраткерлерінен тұратын конкурстың комиссиясы шығарады.

Жеңімпаздарды марапаттаудың салтанатты рәсімі Тәуелсіздік күні қарсаңында өткізіледі.

Конкурсқа қатысуға өтінімдер 2016 жылғы 1 қарашаға дейінгі мерзімде екіліп беру тәртібімен немесе поштамен жөнелту арқылы мына мекен-жайда: Z05S5X1, Қазақстан Республикасы, Астана қаласы, Еңбекшілер көшесі, 10, 213-каб., «Қазақстан тәуелсіздігі және Елбасы» конкурсына» деген белгісімен қабылданады (байланыс тел.: (7172) 69-30-57, 69-30-52, 69-30-50).

Конкурсты өткізудің шарттары мен уақыты туралы барлық ақпаратпен www.presidentlibrary.kz, www.presidentfoundation.kz/ сайттары арқылы танысуға болады.

АЙБЫН

АРДАГЕРЛЕРДІҢ ШАХМАТ
САЙЫСЫ

Қариялар қамсыз жүрген жоқ. Жылдар бойына ел игілігіне еңбек еткен ардагерлер бұл күнде бас қосып, түрлі сайыстар ұйымдастырып тұрады. Өзара ой бөлісіп, пікір алмасады. Бұл жолы ақсақалар шахмат тактасында сайысты. Ақыл-ой мен парасатты ойынның жіті менгергендер қарсыласты қабағының астымен барлап, айла-тәсілдерін ортаға салды. Оқушылар үйінде откен шара облыстық дене шынықтыру және спорт басқармасы мен ардагерлер кеңесінің бірлесе ұйымдастыруымен өтті.

Облыстық сайысқа қалалық, аудандық додалардан топ жарған жеңімпаздар қатысты. Ұзын саңы 20 сайыскер бак сынасқан тартысты бәсеке 8 сағатқа созылды. Ақыл-ой жарысының ашылуында сөз алған облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы Сейітбек Шаухаманов қатысушыларға сәттілік тіледі.

– Бұл бір күндік қана жарыс емес. Ардагерлердің көңілдерін марқайтып, бір сәт көңілін аулауды мақсат етеді. Олардың бос уақытын тиімді өткізіп, олардың бойын сергіту. Өзексіз шахматшылар арасындағы дәстүрлі сайысқа соңғы кездері қатысушылар қатары артып келеді. Бұл – үлкен қуаныш. Сайыскерлерге сәттілік тілеймін, – деді ол.



Тартысты сайыс қорытындысы бойынша шіелілік ардагер Құдайберген Жұмабекұлы I орынның биігін бағындырса, Қызылорда қалалық ардагерлер кеңесінің өкілі Аманжол Өлімбаев екінші орынды еншіледі. Ал жұлделі III орынды қазалылық Серік Қуанышбаев пен қызылордалық Амангелді Құдайбергенов бөлісті. Барлық қатысушылар қаржылай ынталандыру сыйақыларын иеленді. Байқау жеңімпаздары ардагерлер арасындағы республикалық жарыста Сыр елінің намысын қорғайтын болады.

Дәулет ҚЫРДАН.

САРБАЗДАРМЕН КЕЗДЕСУ

Жуырда облыстық қорғаныс істері жөніндегі департаментінің бастығы генерал-майор Өлімжан Ерниязов Атырау қаласына арнайы барып, биылғы көктемде ескерге алынған Сыр сарбаздарымен жүздесіп қайтты.

Ішкі істер министрлігіне қарасты «Ұлттық Ұланның» 5546 әскери бөліміне көктемгі мезгілінде шақырту алып, бүгінде ел тыныштығын абыроймен атқарып жатқан ұландықтар

елден келген делегацияға сап түзеп, құрмет көрсетті.

Кездесу барысында топ жетекшісі Өлімжан Қанағатұлы сарбаздардың хал-жағдайларын сұрап, күнделікті әскери өмірдегі жұмыс кестесімен танысты. Сонымен қатар, әскери бөлім басшыларынан жердестеріміздің тәртібі мен тапсырмаларын орындау қабілеттілігі туралы да сұрады. Жауынгерлер әскери өмірде

жоғары дәрежеде нәтиже көрсетіп, жақсы қырларынан танылуда екен.

Естеріңізге сәтса кетсек, көктем – 2016 әскерге шығарып салу науқаны сәуір айының 14-і мен маусым айының 25-і аралығына ұйымдастырылды. Қызылорда облысынан түрлі әскери қырылымдарға 700-ден аса азамат Отан алдындағы борышын өтеуге аттанған болатын.

ӘСКЕРИ МЕКТЕПТЕГІ ӘЗІРЛІК

Осыдан үш жыл бұрын аймақта Қорғаныс министрлігіне қарасты ақилы негізде «атқисы» мамандығын дайындайтын «Әскери техникалық мектеп» ашылған болатын. Оқу – орнында келісімшарт бойынша әскери қызмет өткеру үшін денсаулық жағдайы бойынша әскери қызметке жарамды әскери міндеттілермен, 22-27 жас аралығындағы әскери қызметке жарамды немесе шектеулі жарамды, оның ішінде әскери қызметке шақыру кейінге қалдырылған ер азаматтар оқи алады – деп хабарланған болатын.

Енді Әскери техникалық мектептің 40 күндік оқу ақысы 263.318 теңгені құрап отыр. Яғни әскери билетті 40 күнде қол жеткізуге

мүмкіндігіңіз бар. Бір жылдық әскери саладан еш айырмашылығы жоқ. Барлық қойылатын талаптар бірдей. Алғашқы кезекте денсаулығыңыздың жарамдылығы, қылмыстық іске қатысу болмауы қажет. Екінші кезекте әскери тәртіптің қыр – сырын менгеріп, сертификат алады. Алынған сертификат негізінде жергілікті халыққа қызмет көрсету орталығына барып, әскери билет алады. Әрі қарай келісімшарт бойынша немесе мемлекеттік қызметке жұмысқа қабылдануға толық құқыңыз бар.

Соңғы уақыттарға дейін әскери мектепте 1000-нан астам сарбаз «қатардағы жауынгер» әскери шенін алды.

Нұрбек ДӘУРЕНБЕКОВ.

ХАБАРЛАНДЫРУ

«Жұмыспен қамту жол картасы-2020» аясында кәсіпкерлік негіздеріне оқытушы жобаларын жүзеге асыру бойынша қызметтерді көрсету үшін Қызылорда облысының Кәсіпкерлер палатасы бизнес-трениерлерді іріктеуге конкурс жариялайды.

Облыс деңгейіндегі тренерагерге қойылатын жалпы талаптар:

1. Жоғары білім;
2. Тренингтер өткізудің кем дегенде 2 жыл жалпы еңбек өтілі бар жұмыс тәжірибесі;
3. Мемлекеттік және орыс тілін меңгеру;
4. Кәсіпкерлік қызметті жүргізу тәжірибесінің болуы құпалады;
5. Кәсіпкерлікті қолдаудың мемлекеттік бағдарламалары мен оқытушылық тәжірибесінің болуы құпалады.

КӘСІП

“ШАЙ ІШУГЕ
ШАҚЫРАМЫЗ”

Біздің бүгінгі кейіпкерлеріміз – жас та болса, бизнес саласының қыр-сырын игерген тәжірибелі жастар. Алкоголь мен Ерлан бала кезден дос. Мектеп бітірген соң бірі – геолог, енді бірі жобалаушы мамандықтары бойынша білім алған. Студент күндерінен бастап қосымша табыс табу мақсатымен мейрамханалар мен кафе-фелерде жұмыс істеген. Уақыт өте келе мамандықтары бойынша емес, жүректері қалаған іспен шұғылданды ұйғарған қос жігіт жеке кәсіп ашып, бүгінде оны дөңгелегіп әкетті.

– Студент кезімізде жинақтан тәжірибе өз ісімізді бастауда көмектесті. Адамдар жақсы ас ішіп, жайлы тұрмыс кешуді қалайды. Сондықтан Ерлан екеуіміз ақылдаса келе, жеке мейрамхана ашуды шештік. Ойымызды жүзеге асыру үшін облыстық кәсіпкерлер палатасынан кеңес алдық. Кейін досым екеуіміз ортақ қаржы шығарып, осы істі бастадық, – дейді жас кәсіпкер Ақжол Нәжмұддинұлы.

Олар бизнес ашу барысында гимаратты жөндеу, көркемдеу, безендіру секілді жұмыстарды түгелдей өздері атқарған. Қазір де «Халиф» lounge-bar-на келушілерге өздері қызмет көрсетеді. Жас кәсіпкерлер әлем елдерінің шай дәмдеу тәсілін жетік меңгерген. Бойды сергітетін керемет сусыннан бөлек дәмді тіл үйірет кофені де тұр-түрін әзірлейді.

– Қазақстан – шәй ішу жағынан ТМД аумағында алдыңғы орында, әлем бойынша да үздіктер шоғырында. Қазақ халқы шайды өте жақсы көреді. Сол себепті біз де мейрамханада оның тұр-түрін дайындаймыз. Соның ішінде мысыр, түрік, өзбек шайының түрлеріне тапсырыс көп. Өзгелерден ерекшелігіміз де осында, – дейді Ерлан Өбезов.

Көңілі қалаған істі толық меңгеруді маңыздырақ деп есептейтін жас кәсіпкерлер алдағы уақытта қызмет түрлерін кеңейткісі келеді.

Мәлідр ҚАЛЫМБЕТ.

БЖЗҚ СҰРАҚТАРҒА
ЖАУАП БЕРЕДІ

БЖЗҚ қызметіне және жалпы жинақтаушы зейнетақы жүйесіне қатысты жиі қойылып жүрген сұрақтарға жауап береміз.

1. БЖЗҚ-дан үзінді көшірмені жылына бір рет пошта арқылы аламын. Алайда, өз зейнетақы шотымды жиі тексеріп тұрсам ба деп едім. Оны қалай істеуге болады?

Ол үшін жеке зейнетақы шотының (ЖЗШ) жай-күйі туралы ақпарат алудың өте ыңғайлы әрі жылдам тәсілін таңдайсыз. Мысалы, салымшының жеке зейнетақы шотын ашу туралы өтініштің немесе жекегелген келісімде көрсетілген электрондық мекенжайына хабарлама жіберу. Салымшы электрондық мекенжайына үзінді-көшірме (ай сайын немесе тоқсан сайын) алу кезеңділігін өзі белгілейді. ЖЗШ жай-күйі туралы ақпарат алудың тағы бір жылдам тәсілінің бірі – www.enprf.kz сайтындағы «Интернет-үзінді көшірме» арқылы алу тәсілі, ол үшін логин мен пароль не электрондық цифрлық қолтаңба (ЭЦҚ) болу керек. Сондай-ақ «интернет қызметі арқылы өзінің өтініш жасауы» деген хабарлау тәсілін таңдап, БЖЗҚ мамандарының Android және iOS (iPhone, iPad) және Windows Phone операциялық жүйелерінде жұмыс істейтін смартфондар мен планшеттерге арналған ENPF ұялы қосымшасын пайдалануға болады, бұл үшін де логин мен пароль керек. Салымшы (алушы) БЖЗҚ-ға жеке басын куәландыратын құжаттымен келіп, өтініш жасай отырып және хабарлау тәсілін өзгерту/белгілеу туралы келісім жасап хабарлаудың басқа тәсілін белгілей немесе таңдай алады.

2. Интернет-үзінді көшірмені қарау үшін логин мен парольді қалай тіркеуге болады? Пайдаланушының логині мен парольін пайдалана отырып, интернет арқылы зейнетақы жинақтарының жай-күйі туралы ақпаратты қарау үшін БЖЗҚ-ға өтініш жа-

сап, хабарлау тәсілін өзгерту/анықтау туралы келісім жасау керек. Салымшы мұны «Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» ҚР Заңының 57-бабында көзделген зейнетақы жинақтарының құпиясын сақтау туралы заң нормаларын сақтау үшін жасайды. Логин мен парольді тіркеу/қайта тіркеу www.enprf.kz сайтының «Интернет-үзінді көшірме» бөлімінде тікелей жүзеге асырылады.

3. enprf.kz сайтында зейнетақы калькуляторын көрдім. Бұл не?

Зейнетақы калькуляторы – бұл еңбек қызметінің басынан бастап әзірлеуге, жеке зейнетақы жоспарларын құруға арналған көмекші құрал. Оның көмегімен салымшының болашақтағы зейнетақысының болжамды мөлшерін көруге болады.

Бүгінгі күннің зейнеткер алушылары ағымдағы зейнетақы калькуляторының көмегі мен міндетті зейнетақы жарналары есебінен қалыптасқан зейнетақы жинақтары төлемінің мөлшерін есептей алады.

Болжамды зейнетақы калькуляторын зейнет жасына толмаған салымшылар пайдалана алады. Бұл калькулятор ортақ, базалық жинақтаушы және ерікті зейнетақыны болжаумен есептеуге арналған. Есеп инфляцияның өсуіне, инвестициялық кірістілікке, жалақының өсуіне қарай болжамдарға негізделген. Есеп нәтижесі түрлі болжамды деректермен ерекшеленетін оптимистік, реалистік және пессимистік деп аталатын сценарий бойынша беріледі. Зейнетақы калькуляторы зейнетке шыққанда болатын төлемдер туралы болжам жасауға мүмкіндік береді.

Осылайша, Қор салымшылары қажетті деректерді енгізе отырып, зейнетке шыққан

кездегі зейнетақы төлемдерінің жиынтық сомасын есептей алады және дәл қазірден бастап жеке зейнетақы шотына аударымдардың қаншалықты жеткілікті түрде жасалып жатқанын да ойлауға болады. жинақтардың басқа құралдарын, қолдана отырып, алдағы зейнетақы жасына жеткенге дейінгі жиынтық зейнетақыны көбейтуге болады – мысалы ерікті зейнетақы жарналары. Тіпті тұрақты негізде жасалатын ең төменгі ерікті зейнетақы жарналары зейнетақы жинақтарын едәуір көбейтуге мүмкіндік береді. Бұған қоса, өз пайда-сына енгізілетін ерікті жарналарының сомасы оны салымшы БЖЗҚ-ға өз бетінше аударған кезде салық салудан босатылады.

Зейнетақы калькуляторы арқылы есеп жасай отырып, болашақ зейнетақы мөлшерінің зейнетақы жарналарының жүйелілігі мен толықтығына байланысты болатынына көз жеткізуге болады. Зейнетақы калькуляторымен (ағымдағы/болжамды) жұмыс қағидаларымен enprf.kz сайтында орналастырылған «Жадынама-дан» таныса аласыз.

4. Өткен жылы зейнетақы заңнамасына өзгерістер енгізілді. Осы өзгерістер негізінде 2018 жылдан бастап болашақ зейнетақымыз қандай құрамдауыштардан қалыптасады?

1998 жылғы 1 қаңтарға дейін кемінде 6 күнтізбелік ай еңбек өтілі бар адамдар жинақтаушы және шартты жинақтаушы жүйелерден (бұдан әрі – ШЖҚ) төленетін төлемдермен қатар бюджеттен базалық және ортақ зейнетақы алатын болады.

Осылайша, зейнетақы:

- 1) бюджет қаражаты есебінен;
- 2) 1998 жылғы 1 қаңтарға дейін кемінде алты күнтізбелік

ай еңбек өтілі болғанда еңбек зейнетақысы;

- мөлшері еңбек өтіліне және жинақтаушы зейнетақы жүйесіне қатысуына тәуелді болатын базовый зейнетақы;

2) жинақтаушы зейнетақы есебінен:

- қызметкердің ай сайынғы табысынан 10% міндетті зейнетақы жарналары (бұл 1998 жылдан бері ай сайын жалақыдан 10% аударыла отырып жиналған сома);

- қызметкердің ай сайынғы табысынан 5% міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары (бұл 2014 жылғы 1 қаңтардан бастап зиянды (аса зиянды) жұмыс беруші өз қаражаты есебінен еңбек жағдайларында жұмыс істейтін қызметкерлердің пайдасына аударатын ақша)

- 2018 жылдан бастап енгізілетін жұмыс берушінің барлық қызметкерлер үшін (олардың еңбек жағдайларына қарамастан) олардың шартты зейнетақы шоттарына жұмыс беруші төлейтін жаңа 5% міндетті зейнетақы жарналары есебінен қалыптасады. Осы шоттардан төленетін төлемдер ЖМЗЖ жиынтығында ең кемі 60 күнтізбелік күн аударылған жағдайда, 2023 жылдан кейін жүргізілетін болады.

5. Үшінші тұлғаның пайда-сына зейнетақы жарналарын жасауға бола ма?

Ерікті зейнетақы жарналары (бұдан әрі – ЕЗҚ) есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарт жасаған жағдайда үшінші тұлғаның пайда-сына зейнетақы жарналары аударылады. ЕЗҚ есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарт жасау үшін салымшы мен алушы БЖЗҚ дербес қызмет көрсету орталығына келіп, өтініш жасайды. Өзімен бірге жеке басын куәландыратын құжатын әкеледі.

Байланыс орталығы 14-18 (Қазақстан аумағында қонырау шалу мезіні) www.enprf.kz